


Қан кету. Оның түрлері. Қан кету кезіндегі алғашқы медициналық көмек.



Қан кету дегеніміз —
зақымданған кан тамырынан
канның құйылуы (шығуы).



Қан кету түрлері:

<p>Шығу тегіне байланысты:</p>	<p>Қан кеткен тамырдың түріне байланысты:</p>
<ul style="list-style-type: none">- жарақаттық (оны біріншілік және екіншілік деп бөледі)- жарақаттық емес (патологиялық өзгерістер)	<ul style="list-style-type: none">- артериалық,- артерио-веноздық,- веноздық,- капиллярлық,
<p>Пайда болу механизмiне байланысты:</p>	<p>Қан кету орнына байланысты:</p>
<ul style="list-style-type: none">- жарылудан,- желінуден,- өткізгіштігінің артуынан	<ul style="list-style-type: none">- сыртқы,- ішкі,- тін ішілік (гематома)

Ауырлық дәрежесіне байланысты:

Жеңіл

Қан айналым көлемінің 10-15 % дейін жоғалту 500 мл-ге дейін

Орташа

Қан айналым көлемінің 16-20 % 500 ден 1000 мл-ге дейін

Ауыр

Қан айналым көлемінің 21-30 % 1000 - 1500 мл

Массивті

Қан айналым көлемінің >31 % 1500 мл-ден артық

Қан кетуді анықтау

Тамыр жарақаттануының негізгі белгілері:

- Жарақаттан кейінгі қан кету туралы мәлімет және қанға малынған киім, жаралының таңғышы
- Қан кетуді дәлелдейтін анемия көріністері
- Зақымданған жақта пульстің әлсіреуі немесе болмауы (көлденең жарақатта)
- Аяқ – қолды тыңдаған кездегі шу белгілері (бүйір жарақатта)
- Жараның терең бөліктерін тығындаған қан ұйындылары, тамыр шоғырын кесіп өтетін жара өзегінің жолы
- Зақымданған аймақтағы гематома (соққылайтын немесе соққыламайтын)
- Зақымдалған аяқ-қолдың шетінде терінің сууы, цианозы немесе бозаруы
- Зақымдалған жақтағы ауру сезімі, ишемиялық контрактура

АРТЕРИАЛЬНОЕ КРОВОТЕЧЕНИЕ



Артериялық қан кету белгілері:

- Қан ұрғылайтын бұрқақпен немесе серпімді ағынмен бөлінеді.
- Жара үстінен аққан қанның белдікшесі көрінеді (валик)
- 1-2 минут ішінде қан қағының диаметрі 1 метрге жетеді.

ВЕНОЗНОЕ КРОВОТЕЧЕНИЕ




Веналық қан кету
белгілері:

- Қан баяу ағыммен ағады
- Қан қою ,кейде қара түсті.



Капиллярдан қан кету

Қанық қызыл түсті қан аз мөлшермен баяу ағады. “**Қан шығы**” симптомы- зақымдалған беткейден қан тамшысы біртіндеп шығып,шық тамшыларын немесе конденсатты еске түсіреді.



Мұрын
қуысынан қан
кету

Ауыз арқылы қанның бөлінуі
өкпеден және жоғарғы тыныс
жолынан, жұтқыншақтан, өңештен,
асқазан мен он екі елі ішектен қан
кетумен байланысты болуы мүмкін.

Қанның түрі мен түсі үлкен мәнге ие.

- **Көпіршікті алқызыл қан**- өкпеден қан кеткенде
- **“Кофе қопасымен” құсу**- асқазаннан қан кеткенде
- **Қара май** тәрізді- асқазан- ішек жолының жоғарғы бөлігі зақымданғанда
- **Бөлінділермен біркелкі араласқан қою-қызыл түсті қан**- тоқ ішектен қан кету
- **Бөлінділермен араласпаған өзгеріссіз қан**- тоқ ішектің ең төменгі бөлігінен.

Іш қуысына қан кету белгілері:

Бозару, әлсіз және жиі пульс, шөлдеу, ұйқышылдық, көздің қарауытуы, естен тану.

Кей жағдайда қан кету орнын құрсақ қабырғасы бұлшық еттерінің кернелуінен, ішек шуларының жоғалуынан білуге болады.



Артериядан, венадан және капиллярдан қан кетуді тоқтату тәсілдері мен құралдары

Қан тоқтату — уақытша және түпкілікті деп бөлінеді. Уақытша қан тоқтату алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде жүзеге асырылады және төмендегі тәсілдер бойынша жүргізіледі:

1) дененің зақымданған белігін кеудеге қатысты алғанда — көтеріңкі калыпта ұстау (аяқ-қол жараланғанда венадан қан кеткен кезде жараға қысып тұратын таңғыш салғаннан кейін жастық оралған киім кою);

2) кішігірім қан кету кезінде қысып тұратын таңғыш көмегімен зақымданған жерде қан ағып жатқан тамырды басу (жараны йодтың спиртті ерітіндісімен тазартқаннан кейін қалың мақта салынады да, бинтпен оралады);


3) аяқ-қолды мейлінше шұғыл бүгу немесе жазу қалпында тұрақтандыру (иық алды немесе балтыр, табан жараланғанда, шынтақ немесе тізе буынын бүгу немесе жазу аяқ-қол жарасына қатты қан кеткенде жгут салу мүмкін болмағанда, қолды арқаға мейлінше созып, ал аяқты ішке бүгіп, тұрақтандыру).




Жгут салып
тоқтату




турникет салып тоқтату



Бұрау салып, қысатын таңғыш салу



Саусақпен басу



1. иық алды жарасы кезінде — артерияны иықтың ішкі жағынан басады;

2. балтырдан қан кеткенде — тізе асты артериясын басады (бас бармақпен тізе буынын алдыңғы жағын ұстап, ал қалған саусақпен тізе асты шұңқырындағы артерияны тауып, сүйекке басады);

3. **Сан жараланғанда** — сан артериясының шап астындағы жоғарғы жағын жүдырықпен басады;

4. **Бастағы** жарадан қан кеткенде — жара жақтағы самай артериясын басады (артерия құлақтың жанынан өтеді, оны тамыр соғысы арқылы анықтайды);

5. **Беттен** қан кеткенде — жақ артериясын басады (ол мойыннан бет пішіндеріне қарай жүреді және жақтың төменгі шеті арқылы оның бұрышы мен иек арасында иіледі);

6. **Мойындағы** жара кезінде — жара жақтағы және одан төмен ұйқы артериясын басады (трахея жағында);

7. **Иық үстіндегі**, иық буынына жақын немесе колтық айналасындағы жара кезінде бұғана асты артериясын бұғана астындағы шұңқырға (бірінші қабырғаға) басады, кейін аяқ-қолға бұрау немесе жгут салады.

1




При повреждении
подключичных артерий.

2




При кровотечениях
из артерий пред-
плечья и ладони.

3








При повреждении
бедренной артерии.

4



При артериальном
кровотечении из ран
голен и стопы.



Жгут салу техникасы

1. Зақымдалған қолдың жарасынан жоғары жгут салып, максимальды күшпен созу керек.
2. Жгуттың бірінші туры бекітіп, кәрі жілік артериясында пульс болмауына көз жеткізу.
3. Жгуттың келесі турларын аз күшпен тартып салу.
4. Жгут айналасына бекіткіш ілмекті салу.
5. Ілмекті тартып жгуттың бос шетіне енгізу.
6. Ілмек резинасы астына жгутты салу уақыты жазылған қағазды қыстыру

